



ӘОЖ: 371.32:82.085:373.3

## **БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІМЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Б. Б. Байтенова**

Орал қаласының №10 жалпы орта білім беретін мектебі

*Қазіргі кезде болашақ мамандарды даярлау олардың кәсіби бейімділігін қалыптастыру – кезек күттірмейтін қоғам талабы. Бұл мұқтаждықты шешу үшін алдын-ала кәсіптік білім беру жұмыстарын жоғары оқу орындарымен, жалпы білім беретін мектептермен байланысты жандандыру.*

*Современному миру нужны высококвалифицированные кадры на селе. Подготовка таких кадров – это дело средних общеобразовательных школ, профтехучилищ, высших учебных заведений. Совместная их работа может дать селу квалифицированных специалистов. Это – веление времени.*

*Modern world needs highly qualified staff in a village. Training of such staff – is affair of secondary educational schools, professional technical schools, universities. Its joint work can give qualified specialists to a village. It's the necessity of life.*

«ҚР жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасында» жалпы білім беретін мектептің мақсаты – оқушыларға кәсіби бағдар беріп, мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүделілігін тәрбиелеуді қажет қажет етеді. Кәсіпті саналы таңдау адамның алдағы өмірін, өзін-өзі тарату, әлеуметтену, маман және кәсіптік өсуде жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Жасөспірім үшін кәсіп таңдау белгісі бір дәрежедегі моральдық проблема

Оқушылардың әртүрлі қызметке икемділігін, ойын танымдық, еңбек арқылы қызығушылығын дамыту деп есептеймін.

Болашағымыздың жарқындығына тікелей қатысы бар білім мәселесі бүгінгі рухани өміріміздің өзегі іспетті. Сондықтан күллі дамуымыздың ең бір анық байқалатын аясы- білімге байланысты болғандықтан, бүгінгі сөз де, жеткіншек ұрпаққа білім, тәрбие беру. Адамзат баласының алдындағы негізгі міндеттердің бірі - қол жеткен қоғамдық, рухани және материалдық құндылықтарды, өндірістік тәжірибені игерген тұлға даярлау. Тұлға- бұл субъект ретінде нақты адам. Мектебіміздің пән кабинеттері оқушыға бағыт- бағдар беретін, мұғалімнің шығармашылық, зертханалық жұмыстарын айқындайтын деңгейде жабдықталған. Мектеп жоғары оқу орындарымен, орта арнаулы оқу орындарымен байланыс жасап, мамандық таңдауда 9-10-11 сыныптар арасында кездесулер, дөңгелек үстелдер жұмыстары ұйымдастырылып, өзара тәжірибе алмасу жұмыстары әрдайым жүргізіліп тұрса екен.

Түлектеріміздің мамандығын адаспай табуына көмек беретін бірден- бір шара – жоғары оқу, арнаулы орта оқу орындарымен біріккен тәрбие жұмыстары. Атап айтсақ, жастар

арасындағы «КТК» сайыстары, спорттық- жолдастық кездесу ойындары, «Жігіттің сұлтаны», «Қыз сыны» т.б.

Мектепте оқушыларға кәсіби бағдар беру, мамандық таңдауына жол ашу мынадай бағыттарда жүргізілсе деймін.

- 1.Кәсіби сауат ашу
2. Кәсіби насихат
- 3.Кәсіби бейімделу
- 4.Кәсіби ақыл- кеңес беру

Мұндай жұмыстар мектеп психологының тікелей қатысы мен ұйымдастырылса. Мамандық иелерімен кездесуге дайындау процесі сынып жетекші, ата- ана, оқушылардың қатысуымен өткізілсе, сол себептен оқушыларға алдын- ала қажетті ақпараттарды жинау тапсырылса:

- Кәсіп жөнінде жалпы мағлұмат;
- Еңбектің санитарлық- гигиеналық жағдайы;
- Мамандыққа деген талап;
- Мамандықтың арнайы құқықтары туралы;

Мектеп кітапханасында «кәсіптік бағдар беру» бұрышы ұйымдастырылып, әртүрлі мамандықтардың жаңа түсірілімдері, мақалалар көрме ретінде шығарылып тұрса.

Жасөспірім кәсіптің қиындығы мен қызығын, оның даму тенденциясын көріп, түсіну үшін, кәсіптік қызығушылығын арттыру мақсатында кәсіптік кеңес, кездесулер, әртүрлі іс- шаралар өткізудің маңызы зор. Кәсіптік психодиагностика, кәсіптік кеңес, кәсіптік іріктеу, кәсіптік бейімделу және кәсіптік тәрбие қарастырылса.

Жас ұрпаққа білім беру, оларды адамгершілікке тәрбиелеу, сонымен қатар үлкен өмір жолдың дұрысын таңдай білу ұстаздардың түпкі мақсаты. Мұғалім әр баланың өзіндік ерекшелігін ескере отыра, сабаққа қызықтырудың жолын тауып, оқушылардың бүкіл жан дүниесімен араласып, олардың психологиялық ерекшелігін жан- жақты әрі жетік білуіне тырысады. Қазіргі заманға сай, мұғалім оқушыларды болашақ жеке тұлға, жасампаз, өз өмірін құрушы, парасаттылықты сақтаушы ретінде қалыптастыру керек. Бұл жерде мұғалімнің ғылыми дайындығы ғылыми зерттеуге айналуы керек деп ойлаймын. Ол үшін мектептегі оқу- тәрбие үрдісін 10-11 сыныптарда жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасау қажет. Сол жол арқылы оқушылар қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы әлеуметтік шығармашылыққа, оның қоғаммен қарым- қатынастарын күшейтуге, қоғамның дамуын меңгеруге тәрбиеленеді. 10-11 сыныптарда оқушылар өз таңдаған мамандығын терең білуі үшін, оқу процессінде туындайтын проблемаларды шешу үшін оларға ересек студенттердің, жоғарғы оқу орнының мұғалімдерінің көмегі керек. Бірігіп өткізген тәрбиелік шаралар, мысалы «Тілашар мерекесі», «Ұзын бұрымдылар», «Наурыз тойы», «Жігіт сұлтаны», тағы басқа. Сонымен қатар әртүрлі интеллектуалдық ойындар, семинарлар, ашық есіктер бүгінгі таңда дәстүрге айналса екен деймін. Оқушылардың мектеп қабырғасында алған білімдері болашақта өмір сүруге қажет. Әсіресе осы байланыс оқуға ынтасы төмен оқушыларға керек: олардың оқу сапасын көтер, оқуға деген құштарлығын дамыту

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тәрбие мен оқытудың сапасын жүзеге асыру үшін жолдары көрсетілген, әсіресе балабақша- мектеп бағдарламасында. Балабақшадағы оқыту, тәрбиелеу жұмысын мектепте жалғастырып, содан кейін жоғары оқу орнымен байланыс жасап, жас ұрпақтардың жан- жақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндіктер бар. Болашақ ұрпақ ұлтжанды, білімді болса ғана, тәуелсіз мемлекетіміздің тірегіне айналары сөзсіз. Мектеп- жоғары оқу орнының байланысы, әсіресе оқушылар интеллектуалдық, ғылыми жоба сайыстарға қатысқанда университет мұғалімдерін ғылыми жағына бағыттап, көтерген мәселесін шешіп, оқушының тілін дамытып, өз пікірін айтып тыңдата білуге бағдар береді. Мектеп мұғалімдерінің, жоғары оқу орының рөлі зор. Ол үшін түлектерге берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Елдің ертеңі- бүгінгі жас шәкірт. Бүгінгі мектеп табалдырығын алғаш аттаған әрбір бала- ол ертеңгі қоғам иесі. Сондықтан оқытудың алғашқы сатысынан бастап, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру, халықтық педагогиканың

нәрлі қайнары мен сусындату үшін мектеп- жоғары оқу орындарының ұстаздарынан дәріс берудің сапасын жоғарлатуға- бүгінгі таңдағы баға жетпес міндет.

XXI ғасыр- ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезі. Ақпараттандыру, жаһандану және интеграция ғасырында адамзат баласына білім беру- бірінші кезекке қойылары сөзсіз.

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолындағы педагогикалық еңбек өтілім 35 жылдан асып барады. Осы кездерде білім деңгейлері әртүрлі оқушылармен жұмыстанып, оларға бағыт- бағдар беріп келе жатырмын. Қазіргі кезде мектептер заман талабына сай компьютер сыныптары, сонымен бірге оқушылардың интернет пен электрондық байланыс жүйесімен жұмыс жасап келеді. Бүгінгі таңда №10 жалпы орта білім беретін мектеп аграрлық университетінің жанында орналасқан, сол біздерге, ұстаздарға, оқушыларға ғалымдармен өзара тәжіребе алмасу жүзеге асырылса екен деген ойдамын. Мектеп- жоғары оқу орындарымен келісім шартқа тұрса, бірігіп болашақ ауыл шаруашылығының мамандарын дайындайды. Осы байланыс арқылы мектеп түлектері өз мамандығына деген сыны көзқарастары қалыптасады, ауыл шаруашылыққа қандай мамандар керек екенін, олар туралы көптеген ақпараттар алып, түсініктері нығайтылады.

Сол мамандықтар бойынша мектепте оқу кестесін жасап, жоғары оқу орнына оқушыларды жіберіп отырсақ, осы мәселе шешілсе, жас мамандар өздерінің елді мекендерінде тұрақтанып, мамандығына сәйкес жұмыс жасап, жалпы ауыл мәдениетін көтеруге атсалысары анық. Сөзімнің тобықтай түйіні- мектеп болашақ маманның баспалдағы, маман даярлау оны тұрақтандыру ортақ мәселе.